



Жақсылық

жасай

білейік

Сәлемдесу

Үлкенге де "Сіз",
Кішіге де "Сіз".
Бар адамға құрметпен,
Бас иеміз біз.

Өзінді тану

ШАТТЫҚ ШЕҢБЕРІ

Жақсы болу – өзіңнен,
Жаман болу – өзіңнен.
Өзінді-өзің ая да,
Өзің үйрен, өзіңнен.
Жақсылық көрсең біреуден,
“Мен қандаймын?” деп ойла.
Өзінді-өзің қолыңа ал,
Өзіңсің – ақыл айнасы.
Тиеді саған мәні бар
“Өзінді тану” пайдасы.



“Жақсылық пен жамандық” ертегісі

Ертеде Адам ата өз ұрпағын сынау үшін адамның оң иығына Жақсылықты отырғызып қойыпты. Адам бір іс жасарда Жақсылық «істе» десе, Жамандық «істеме» деп сыбырлайды екен. Сөйтіп, адамның бойында қай қасиет басым екенін байқамаққа оны сапарға аттандырыпты. Адам біраз жол жүріп, өзен жағасымен шаршап келе жатса, судың жағасына шығып қалған балықты көреді. Балық секіріп суға жете алмай жатыр екен. Жақсылық жаны ашып:

-Адам, ана балыққа көмектесіп жібер,-десе, Жамандық:

-Қой, жөніңе жүре бер, уақытыңды алма,- дейді.

Адам балықтан әрірек асып барып, мойнын бұрып қарайды. Балық шарасыздан көзі жәутендеп, көмек сұрғандай болады. Адам шыдай алмай кері бұрылып барып, балықты суға салып жібереді. Балық ризашылығын білдіріп, суда ойнақшып, секіріп, құйрығын бұлғақтатып суға сүңгіп кетеді.

Адам одан әрі жүре береді. Бір теректің қасынан өтіп бара жатып, шыр-шыр еткен дауысты естіп тұра қалады. Қараса, кішкене ғана торғайдың балапаны ұясынан құлап қалған екен. Еңкейіп енді көтерейін деп жатса, Жамандық:

- Осы торғайдың балапанына бола жолдан қалмақпысың? Оны көтеріп ұясына салу үшін, теректің басына шығу керек. Мерт болсаң қайтесің? Өзің далада ит-құсқа жем боласың ғой,- дейді.

Адам ойланып тұрып қалады. Осы сәтте Жақсылық:

-Ей, адамзаттың баласы, сен әлсіздерге қорған болып, қол ұшыңды беру үшін жаратылғансың. Мына бейшара балапанды ұясына сала кет. Шарапаты тиеді,-дейді.

Адам тағы да шыдай алмай балапанды алып, теректің басына өрмелеп шығып, ұясына салып кетеді. Балапан шиқ-шиқ етіп, қанатын қағып, разы болады.

Адам демалып алмақшы болып отыра бергенде, аяғының астында бидайдың дәнін әрең сүйреп бара жатқан құмырсқаны көзі шалады. Құмырсқа дәннің о жақ, бұ жағына шығып, қозғауға ыңғайлы ретін таба алмай, ісі өнбей келеді екен. Адам әуелі Жамандықтың айтуымен құмырсқаны дәннен айырып тастағысы келіп оқталды да, шыр-пыр болған Жақсылықтың сөзіне құлақ түрді. Ол:

-Әй, адам-ау, қалай ғана адамдығыңнан айнып кетуге әзір тұрасың. Бұл құмырсқа өзінен үлкен дәнді сүйреп, машақаттанып келе жатқанда қол ұшыңды көрсетіп, жолына салып жіберудің орнына, оны қызықтап, ермек қылғын келгені қалай? Одан да еңбек етуді осы кіп-кішкене тіршілік иесінен үйренбейсің бе?- деп налыған екен.

Адам өз ойынан ұялып, райынан қайтады.

Сөйтіп, Адам ата ұрпағын алдына шақырып алып:

-Міне, балам, жамандыққа ерсең жаман боласың, жақсылыққа ерсең жақсы боласың. Мен саған үш сын бердім, үшеуінен де өттің, разымын. Енді осылай адамдығыңнан айнымай, айналана қамқор болып, жамандыққа жоламай, жақсылыққа жолдас бол,- деп батасын береді. Содан бері адам баласы жақсылықпен мұратына жетеді.

Мақал-мәтелдер

- 1.Жаманмен салысып жақсы болмайсың.
- 2.Жаманға оқ өтсе де - сөз өтпейді.
- 3.Жақсылық - ұзақ тұрмайды,
Жамандық - әркез тозбайды.
- 4.Жақсы - жаны еріп тыңдайды.
- 5.Жақсының - жолы ашық.
- 6.Жақсылыққа жақсылық - әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық - ер кісінің ісі.
- 7.Жақсыда жаттық жоқ.
- 8.Жаманнан туған жақсы бар - атасын айтса нанғысыз,
жақсыдан туған жаман бар - бір асым етке алғысыз.
- 9.Жаманменен дос болсаң - сыртыңнан жүрер өсектеп.
- 10.Жақсыдан болат ұл туса - жауырыңыңнан өтін алса да, жамандарға жалынбас.
- 11.Дүние жеткізбейді ойласаң да,
Жақсы артық әзілдесіп ойнасаң да.
- 12.Ауыл малы бүралқы - ақылы жоқ жаманға.
Қайып болмас - қабанда, тойым болмас - жаманда.
- 13.Жолдас болсаң жақсымен - жолың жетер Қырымға,
Топқа кірсең әркіммен - таласарсың орынға.
- 14.Ісің түссе жаманға - қолы кетпес жағаңнан.



Тыныштық сәті





Дәйексөз



Жақсының жақсылығын айт,
нұры тасысын.

Халық мақалы

1-топ.


Қарлығаш пен дәуіт

Бір қарлығаш ұя салып, балапандарын асырап жүреді. Бір күні жауыз жылан балапандарды жегісі келіп, ұя салынған ағашқа өрмелеп шыға бастайды. Қарлығаш жыланды көріп, қатты қорқып, қорғап қалатын арашашы іздейді. ...



2-топ. Арыстан мен тышқан

Ұйықтапты бір арыстан айдалада, Тышқан жүр сейіл құрып,ойнақ салып,
Тыныштық алу үшін сай-панада. Бір уақыт жүгіріпті басқа барып,
Үстіне арыстанның ойнақтапты, Арыстан өлтіруге айналыпты,
Бір тышқан іннен шығып сол арада. Басын басқан тышқанды ұстап алып.



Қарлығаштың құйрығы
неге айыр?

ЖҮРЕКТЕН

ЖҮРЕККЕ

Қорытынды.

Ризашылық әні

Сөзі мен әнін жазған Луиза Хей



Ризамыз бүгінге!

Ризамыз бүгінге,

Ризамыз қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге!